



**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№50 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ  
2007 жылғы 26 желтоқсан**

**Ресми қайта қаржыландыру ставкасы туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру ставкасын бұрынғы деңгейін сақтай отырып, **жылдық 11,0%** деңгейінде белгілеуге қаулы шығарды.

Ресми қайта қаржыландыру ставкасы соңғы рет бір айдан аз уақыт бұрын – 2007 жылғы 1 желтоқсанныан бастап көтерілген болатын.

**Ең төменгі нормативтік резервтік талаптар туралы**

Екінші деңгейдегі банктердің қысқа мерзімді өтімділігін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 24 желтоқсанда өткен отырысында жаңа ең төменгі нормативтік резервтік талаптарды (ішкі міндеттемелер бойынша 5% және басқа міндеттемелер бойынша 10%) қолданысқа енгізудің мерзімдерін 2008 жылғы 15 қаңтардан 2008 жылғы 1 шілдеге ауыстыру туралы шешім қабылданған болатын.

Ең төменгі резервтік талаптардың қолданылып жүрген мәндері тиісінше 6% және 8% құрайды.